

"Атырау политехникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына мемлекет және қоғам қайраткері Саламат Мұқашевтың есімін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 20 қазандағы № 1115 қаулысы

«Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Атырау политехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына мемлекет және қоғам қайраткері Саламат Мұқашевтың есімі берілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі</i>	<i>К. Мәсімов</i>
---	-------------------